



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Байғалиева Айнур Аманжоловна  
№1 мектеп лицейінің мұғалімі,  
Қостанай қ., Қазақстан  
E-mail: baygalieva.2016@mail.ru

### Аңдатпа

Бұл мақаламда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу ерекшелігі айтылған. Мұнда мектеп мұғалімінің инклюзивтік білім беру іс-әрекетінде кездескен қиындықтары мен жетістіктері және оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолдануы туралы пікірлері айтылған.

**Түйінді сөздер:** ерекше білім беру, инклюзив, технология, оқыту, мүдде.

### Аннотация

В этой статье рассказывается о специфике работы с детьми с особыми образовательными потребностями. Здесь высказываются мнения школьного учителя о трудностях и достижениях, с которыми он столкнулся в инклюзивной образовательной деятельности, и об эффективном использовании методов и приемов обучения.

**Ключевые слова:** особые образовательные потребности, инклюзивность, технологии, обучение, интересы.

### Abstract

This article describes the specifics of working with children with special educational needs. Here the opinions of the school teacher are expressed about the difficulties and achievements that he has encountered in inclusive educational activities, and about the effective use of teaching methods and techniques.

**Key words:** special educational needs, inclusivity, technology, learning, interests.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар дегеніміз – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы және уақытша қиындық көріп жүрген арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін балалар.

Инклюзивті білім беру – барлық тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс;

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарлама әзірленеді [1. б.2].

Жалпы әлемдік тәжірибеде білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жекелей оқыту ұстанымы бар, оны жүзеге асыру бүгінгі таңда жалғасын табуда. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мақсатқа бағытталған, педагогикалық-психологиялық шарттарға сәйкес баланы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін үрдіс. Білім беру ұйымдарындабалалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, Сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға міндетті [2. б.4].

Сондай-ақ, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін де ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады [2. б.12]. Осыған дейін отандық білім беру жүйесінде көптеген жылдар бойы мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен оқып, тәрбиелену мүмкіндіктеріне дұрыс назар аударылмады. Мұғалімдерді арнайы оқыту, дайындық жұмыстары болмағаны, біліктілік курстары оқытылмады. Олар арнайы білім беру мекемелерінде ғана оқуы тиіс болды да қалыпты мектептерге қабылданбады.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, жеке оқыту, даму жоспарларын, бағдарламалар, тапсырмалар жинағын құрастыру мәселесіне үлес қосу, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке тұлға ретінде қоғамды өз орнын табуға көмек беруді қолға алды [4. б.5].

Әрбір баланы тұлға ретінде қарап, оқи алмайтын бала жоқ, олардың тек қызығушылықтары мен жеке қажеттіліктерін ескеру керек. Сондай балалардың біреуі менің еңбек тәжірибемде есте сақтау қабілеті жеткіліксіз оқушы кездесті. Осындай өзіне ғана тән айрықша қажеттілігі бар оқушыға тіл үйретудің қыр-сырын білу үшін іздену керек болды. Адам баласының ең басты қажеттіліктің бірі оның есте сақтау қабілеті болып табылады. Қазіргі технология дамыған, өркендеген заманда үлкеннің де, жастың да, кәрінің де баланың даеске сақтау қабілетінің нашарлауы байқалады. Жоғарыда аталған оқушының жалпыға бірдей негізгі орта мектепте білім алуы үшін мұғалімнің атқарар еңбегі ұшан-теңіз. Әсіресе, ауылдық жердегі шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне психолог қызметін қатар алуып жүруі керек. Балалардың да есте сақтау қабілетінің төмендеп бара жатқанын ғалымдар айтып жатыр, өйткені олардың барлық ынтасы ғаламтор, ұялы телефондар мен планшеттерге ауып отыр. Мысалы, Оңтүстік Кореяда халық жеке гаджеттерді бізден әлдеқайда ертерек қолдана бастады, ғалымдар мен психологтер жастардың мазасыздық белгілерін атап өтті: есте сақтау проблемалары, өзін-өзі бақылаудың төмен деңгейі, зейіннің бұзылуы, депрессия немесе агрессияның өршуі. Бұл да біздің елімізде, әсіресе білім беру саласындағы қызметімде болып жатқан мәселелердің бірде бір дәлелі деуге болады. Менің жеке қызметтік тәжірибемде осындай балалардың денсаулығына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері туындағаны кездесті. Ол үшін өзімнің пән мұғалімі ретінде басымнан өткен қиындықтар мен кедергілерді қалай жеңгенімді мысал ретінде жаза кетейін. Оқыту қазақ тілінде емес бастауыш мектепте қазақ тілін үйрету әдіс-тәсілдерін толық меңгергеніммен, психикасында ауытқуы бар баланың психологиясын түсіну, оны дені сау балалармен бірге оқыту өте қиынға соқты. Біріншіден, баланың материалды қабылдау деңгейі басқалардан әлдеқайда төмен. Екіншіден, тілді үйренуге деген ынтасы жоқ. Үшіншіден, өзге балалардан ерекшелендіріп, жеңілдетіп берген оңай тапсырманы орындағысы келмейді. Өйткені басқалардан ерекшеленгісі келмейді және өзін төмендетті деп намыстанады. Ашуланып агрессивті мінез көрсетеді. Міне осындай жағдайда ауылдық шағын мектептегі пән мұғаліміне психолог болуға тура келеді. Ол үшін оқушының ата-анасымен жақын танысып, отбасылық жағдайын зерттедім. Сосын өз қатарлы балалармен қарым-қатынасын бақылап, олардың қасында өзін қалай ұстайтынына мән бердім. Сынып жетекшісімен бірлесе отырып, тығыз жұмыс істедік.

Американдық әлеуметтік психолог Д.Майерстің «Адам негативті естеліктерді еске алғаннан шаршап, ал позитивті естеліктерден қуат алады екен. Сондықтан да мектеп оқушыларының есте сақтау қабілеттері артуы үшін, оларға жағымды ойындар ойнатып, жақсы ойлағаны оң әсерін тигізеді» [3, б.9] деген сөзін ескере отырып, сабақта баланың ашуына тимес үшін, сыныптағы әр оқушыға әр түрлі тапсырма бердіп жүрдім. Яғни саралап оқыту технологиясын қолданудың стратегияларын жан-жақты іздendім. Сөйтіп әр оқушының ерекшелігін ескере отырып оқыту, саралап оқыту технологиясын тиімді қолдануды үйрендім. Мысалы, «Апта күндері» деген сабақта сюжетті сурет негізінде сөйлеу деген мақсат берілген. Мұнда оқушылар апта күндерін қолданып, сөйлем құрау керек болатын Сыныптағы оқушылар 2-3 сөйлем құрастырса, ерекше білім беруді қажет ететін, соның ішінде есте сақтау қабілеті төмендеу оқушы сөз тіркестерін құрады. Мысалы, жексенбі деген сөзді «демалыс, орманға барамыз, шаңғы тебеміз» деген сөздерді ассоциациялау арқылы есте сақтады. Ауылдың шынайы өмірімен байланысты ойын ойнадық. Оның өзінде ауылдық жерде адамдар мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, оның ата-анасында демалыс жоқ. Сондықтан жексенбі күні сыныппен шаңғы тебуге баруды ұйымдастырдық. Сондай-ақ, әр апта күнін түрлі-түсті қағазға сурет салып, бір-біріне беріп отырады да, сол күні не істейтіндерін айтады. Дүйсенбі – қызыл түсті – доп. Сейсенбі – жасыл – кітап.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ойнайтын балалардың «Қандай ойыншық жетіспейді» деген ойынын өзгертіп, оның орнына оқу құралдарын несе апта күндерін қойып ойнадық. «Ұқсас суретті тап», «Әр түрлі заттар», «Аяқталмаған суреттер», т.б. ойын түрлерін түрлендіріп ойын-сабақтар өтізілді. Бұл ойындар білім алушының зейінін қалыптастыруға, тұрақтандыруға тиімді. Есте сақтау қабілеттерін арттырады. Бірақ дені сау балалардың зерігуі кездесті. Олар үшін қызық еместігі байқалды. Әрине үнемі ойын ойнау да жалықтыратыны белгілі. Қалыпты балаларға қарағанда ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен кері байланыс орнату өте қиын. Байқағаным, мұндай балаға топпен жұмыс істегеннен гөрі жұппен жұмыс істеген көбірек ұнайды. Өйткені топта қабілеті жоғары деңгейлі балалар материалды тез қабылдап, тез жауап береді. Сондықтан мектеп мұғалімдеріне инклюзивтік білім беру барысында психологиялық тұрғыдан көп көмек керек, тәжірибе алмасу үшін семинарлар мен коучингтер керек. Әсіресе, оқудың қолайлы жағдайларын жасауға бағытталған жеке тәсіл-саралап оқытуды нақтылау тәсіліне көбірек мән беретін тәжірибе керек.

Пән мұғаліміне тіл үйретумен қатар өзінің күнделікті сабақ жоспарында оқушының оқуына қолжетімділігі мен оның жақын даму аймағы ғана емес, мінез-құлқындағы қиындықтарды жеңе білуіне баса назар аударуы керек. Бір сабақ үстінде мұғалімге оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін қабылдау және есепке алу, барлық оқушылар үшін қолайлы жағдай жасау, ұжымдық және

жеке тепе-теңдікті сақтау, сыныптағы ынтымақтастық, толеранттылық атмосферасын құру сияқты құндылықтарды үнемі ескеріп отыру керек.

Инклюзивті сыныпта кеңістікті ұйымдастыруда сабақта нақты алгоритм болуы керек. Белгілі бір нәрсеге үйрену алгоритмге сәйкес, балалар ұйымшыл бола бастайды. Сабақтың басталуы:

Жұмыстың бірінші нұсқасы – ерекше балалармен жұмыс. Ол балаға алдыңғы тақырыпты бекіту үшін үлестірмелі тапсырма бойынша жұмыс беремін. Оның өзінде барлық балаларға бірдей үлестіремін де басқаларға жаңа тақырыпты түсіндіремін (басқа балаларға оңай тапсырма беремін, олар тыңдай отырып орындайды). Бұл карточкада балаларға кеңестер немесе сөздер беруді жеңілдету үшін жетіспейтін сөздермен сөйлемдер ұғымның анықтамасы болуы мүмкін. Сондай-ақ, ішінде бір бағанға ұғымдар беріледі, екіншісінде – осы ұғымдардың анықтамалары (балалар қай ұғымға сәйкес келетінін көрсетуі керек) бар тапсырмаларды қолдануға болады. Екінші нұсқа – қалыпты оқушылар алдыңғы тақырыпты бекіту (өйткені олар өз бетінше орындай алады) үшін, карточкалар бойынша жұмыс істейді, мұғалім "ерекше" балалармен сөздік немесе алдыңғы сабақтың тақырыбына қатысты негізгі ұғымдарды еске түсіру үшін жұмыс түрлерін жүргізеді. Оқу материалын сәтті игеру үшін олардың қызметін қалыпқа келтіру бойынша педагогикалық-түзету жұмыстары кез келген пән бойынша сабақтарда жүзеге асырылады [3. б.115].

Сабақты бастамас бұрын аталған ерекшелігі бар балалармен әрқашан да алдыңғы материалды қайталауға негіздеу керек. Егер ерекше балаға бүкіл сынып алдында жауап беру қиын болса, онда ол орындаған тапсырманы шағын топта ұсынуға мүмкіндік беріледі. Ол баланың ашылып еркін жұмыс істеуіне көмектеседі. Бірақ бірте-бірте сынып алдында жұмыс істеуге дағдыландыру керек. Мұндай балаға ылғи да көмек беру, жақын даму аймағында жұмыс істей беру де қателік. Оған кейбір жағдайларда тәуелсіз шешім қабылдауға, мақтауға және проблемаларды шешуге, жағдайды шешуге үйренуі керек. Оқылым дағдысын қалыптастыру үдерісінде, мүмкіндігінше, оқулық мәтінінің аудиожазбасын қамтамасыз еткен жөн, бала тыңдай отырып мәтінді оқи алады. Мәтіннің суреттері болғаны жақсы. Мәтіннің жеке бөліктерін маркермен белгілеп, баланы мазмұнмен таныстырып отыру керек. Мәтінді шағын семантикалық бөліктерге бөліп, тек негізгі ой жазылуы керек. Мәтін бойынша тапсырмаларды орындау кезінде мазмұнды пайдалануына оқушының мүмкіндігі болғаны тиімдірек.

Қорыта келе, қостанайлық ғалымдардың (Е.А. Онищенко, Т.И. Смаглий, Б.М.Утегенова) еңбектегінде: «Саралап оқыту әр оқушының бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға және оны барынша арттыруға бағытталғандықтан мектептегі білім деңгейі барлығына бірдей болуы шарт. Оқыту мен тәрбиелеуді саралау білім алушының ерекшеліктері мен қабілетінің, қызығушылығы мен бейімділігінің, білім алуға дайындығының айырмашылығына негізделеді. Ол икемді және мобильді болуы керек, мұғалімге оқу процесінде әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарауға және сыныпты жалпы белсендіруге ықпал етуге мүмкіндік береді» [5. б.9]. Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары мен міндеттері әр баланың ерекше қабілеттерін ескере отырып, саралап оқыту, тәрбиелеу немесе ерекше қажеттіліктері мен оқыту тәсілдердегі икемділікті жетік меңгеру болып табылады. Арнайы білім беру үшін пән мұғалімі оқытумен қатар мынадай қағидаларды үнемі есте сақтауы керек. Олар: педагогикалық оптимизм, жүйелілік, үздіксіздік, вариативтілік, моральдық-психологиялық көмек көрсету, баланың мүддесін сақтау, оны қорғау. Инклюзивті білім беру мәселесі бойынша үнемі іздену үстінде болса ғана жұмысы өрге басады. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар баламен жұмыс істеп жүрген педагог ретінде дені сау балалардың ерекше балаларға жақсы көмектесіп, назарларын тыс қалдырмай үнемі қамқоршы болатынын айтып өткімі келеді. Осындай ерекше оқушы сыныптағы оқушылар арасындағы шынайы қамқорлық пен достыққа ықпал етеді.

Қазіргі уақытта педагогтардың ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сабақ үрдісіндегі нәтижеге бағытталған іс-әрекетін реттеу үшін біліктілікті арттыру курстарына үлкен сұраныс туындауда. Ол үшін педагогтердің біліктіліктерін арттырып отыруға мемлекет тарапынан үздіксіз жағдай жасау артық болмайды. Педагогикалық қызметтің, әсіресе жас маманның ынтымағын арттыруға ықпал ету керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен сабақ материалдарының жинағы /Ибраев М.У. жалпы ред.: авторлары Дмитриева-Лепешева О.Г., Жанғали І.Ә., Искендірова А.А., Федотова В.Ф. «Әрекет» ЖБК – Көкшетау, 2020 ж. – 134 б.
2. Инклюзивті білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
3. Нормативтік-құқықтық базаны және шағын жинақты мектептерде оқыту ерекшеліктерін талдау. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 23 б.
4. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс-нұсқаулық/ Елисева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б

5. Онищенко Е.А., Смаглий Т.И., Утегенова Б.М. Основы дифференциации преподавания и обучения в современной школе: учебно-методическое пособие – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» ЦПМ. – 2016, 99 с.

ОӘЖ 37.013

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Байдилдина Асель Кенжахметовна  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы № 2 мектеп-лицейі  
Asel\_\_\_\_78@mail.ru  
Агитаева Асемгуль Каиржановна  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы № 2 мектеп-лицейі  
agitaeva\_1978@mail.ru  
Торина Гүлжахан Қуанышқызы  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы № 2 мектеп-лицейі  
guljihan78@mail.ru

### **Аннотация**

*Өзектілігі және мақсаты: Педагогикалық психология – оқыту және тәрбиелеу психологиясы деген екі тараудан тұрады. Оқыту психологиясы жеке пәндерді оқыту әдістемесі негізін басқарады. Ал, тәрбие психологиясы жас ұрпаққа тәрбие беру негізін және ақыл-ойы кем баланы оқыту, тәрбие мәселесімен шұғылданады. Сонымен, педагогикалық психологияның құрылымы: оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы, мұғалім психологиясы.*

*Түйінді сөздер: технология, педагогика, психология, ақпарат, тәрбие*

### **Аннотация**

*Актуальность и цель: Педагогическая психология – состоит из двух частей, обучение и воспитание. Психология обучения составляет основу методики преподавания дисциплин. А психология воспитания занимается обучением основам воспитания подрастающего поколения и обучением умственно отсталых детей, проблемами воспитания. Вместе с тем, психолого-педагогический состав: психология обучения, психология воспитания, психология учителя.*

*Ключевые слова: технология, педагогика, психология, информация, воспитание*

### **Abstract**

*Relevance and goal: Pedagogical psychology consists of two parts – learning and education. The psychology of learning forms the basis of the methodology of teaching disciplines. And the psychology of education is engaged in teaching the basics of educating the younger generation and teaching mentally retarded children, upbringing problems. At the same time, the psychological and pedagogical structure: the psychology of learning, the psychology of education, the psychology of the teacher.*

*Key words: technology, pedagogy, psychology, information, education*

Еліміздің ертеңгі болашағы-бүгінгі мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы жастар. Сондықтан, оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мысалы қазіргі кезде мектептерде жаңарту жұмыстары жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда.

Республикада оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алады. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.